# САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАН!




## ШЫЛЫМДЫҚ ҚОСПАЛАР (легалка, спайс, микс) дегеніміз не?

Шылымдық қоспалар – психологиялық белсенділік әсерін тудыратын хош иістендірілген шөптердің қосындысының жалпы атауы. Мұндағы белсенді заттек синтетикалық каннабиноидтар болып табылады.

Құрамында синтетикалық каннабиноидтары бар, шылымдық қоспаларды тұтыну мен ұзаққа созылған психоз бен психикалық жағдайдың өзара байланысы жөнінде ғылыми расталған дәлелдер бар. Сонымен қатар, тұтынушылардың коматозды күйге түсуінің нәтижесінде, сондай-ақ тыныс алу мен жүрек белсенділігінің тоқтауының салдарынан өлімге ұшырататын бірнеше жаппай улану оқиғалары орын алғаны белгілі.

## ШЫЛЫМДЫҚ ҚОСПАЛАР НЕГЕ ҚАУІПТІ?

- Үнемі түтінмен демалғаннан дауыстың қарлығуы, жөтел пайда болады, ауыз қуысының, көмей мен бронх обырының даму қаупі 10 есе ұлғайуы мүмкін.
- Темекі түтінінің үнемі әсері көздің жасаурауын туғызады, ол бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.





- Шылымдық қоспалардың улы әсері лоқсу, құсу, артериялық қысымның жоғарылауын, жүрек қағысының жиеленуін, құрысу мен ес жоғалту және тағы басқа жағдайлар туғызуы мүмкін.
- Түтін орталық нерв жүйесіне әсер етеді, оның салдарынан масайрау, себепсіз жылау, тоқтаусыз күлу, ашушаңдық және депрессия, бағытты бағдарлау қабілетінің бұзылуы пайда болады.
- Шылымдық қоспаларды тұтыну психологиялық аурушаңдыққа, мүгедектікке алып келеді.

Шылымдык қоспалар тез еліктіреді. Алғаш рет тұтынғаннан кейін психикалық, одан кейін физикалық тәуелділік пайда болады.

**Күмәнді «кайф» алу үшін өзіңізді улауға, денсаулығыңызды құртуға, өміріңізге қауіп тудыруға, оқуды, мансапты тастауға, достық пен отбасын бұзуға бола ма, ойланыңыз.**

Scanned by TapScanner